

Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманың, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманың, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулының нысанын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 26 қазандағы № 437 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 6 желтоқсанда № 17878 болып тіркелді.

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 14-бабы 1-тармағының 2-8) тармақшасына және "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасы кодексінің 710, 729-баптарына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын бұзушылықтарды жою туралы нұсқама;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

5) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі

Ө. Шөкеев

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2018 жылғы 26 қазандағы
№ 437 бұйрығына
1-қосымша
Нысан

Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын бұзушылықтарды жою туралы № ____ нұсқама

Ескерту. Нұсқама жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 23.12.2020 № 400 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

_____ 20 ____ жылғы " ____ " _____
Актіні толтыру орны уақыты _____

1. Бақылау органының атауы

2. Тексеру жүргізуге негіз болған тексеру тағайындау туралы/профилактикалық бақылау актісінің датасы мен нөмірі

3. 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің (бұдан әрі – Жер кодексі) 14-1-бабының 4-тармағына, 14, 17, 18, 19, 144, 145, 146, 147, 148-баптарына, 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің (бұдан әрі – Кәсіпкерлік кодекс) 137, 144 және 152-1-баптарына сәйкес бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып тексеру/профилактикалық бақылау жүргізген адамның (адамдардың) аты, әкесінің аты (бар болса), тегі және лауазымы

4. Тексерілетін субъектінің (объектінің) атауы (бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып тексеру/профилактикалық бақылау жүргізу тағайындалған заңды

тұлғаның немесе оның филиалының және (немесе) өкілдігінің атауы, жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі), оның орналасқан жері, жеке сәйкестендіру нөмірі/ бизнес-сәйкестендіру нөмірі, аумақтың учаскесі

5. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып тексеру/профилактикалық бақылау жүргізу күні, орны және кезеңі

6. Жер заңнамасының бұзылғандығы үшін (Кәсіпкерлік кодекстің 152-1-бабының 3-тармағын ескере отырып), Жер кодексінің 94, 144, 145, 146, 147 және 148-баптарын басшылыққа ала отырып анықталған бұзушылықтарды, олардың себептері мен оларға ықпал еткен шарттарды жою мақсатында мынадай іс-шараларды орындауға нұсқау беремін:

№	Объектілер тізімі	Анықталған бұзушылықтар тізімі (бұзушылықтар анықталған тексеру парағының талаптары мен тармақтарының атауы)	Тәуекел дәрежесін бағалау	Анықталған бұзушылықтарды жою бойынша нұсқаулар мен ұсынымдар, оларды жою мерзімдері
1.				
2.				

7. Бақылау субъектісі өкілінің (заңды тұлға басшысының не оның уәкілетті адамының, жеке тұлғаның), сондай-ақ, бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып тексеру және профилактикалық бақылау жүргізуге қатысқан адамдардың нұсқамамен танысқандығы немесе танысудан бас тартқаны туралы мәліметтер, олардың қолдары немесе қол қоюдан бас тартуы

8. Нұсқаманы енгізген (бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып тексеру/ профилактикалық бақылау жүргізген уәкілетті органның лауазымды адамының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолы)

9. Нұсқаманы алдым (заңды тұлға басшысының не оның уәкілетті адамының, жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолы)

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2018 жылғы 26 қазандағы
№ 437 бұйрығына
2-қосымша
Нысан

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы № _____ хаттама

"Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" 2014 жылғы 5 шілдедегі
Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 710, 729, 802, 803 және
804-баптарына сәйкес осы хаттама толтырылды.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы толтыру тілі: _____
(мемлекеттік тіл, орыс тілі немесе басқа тілдер)

Хаттама жасалған орын: _____
(облыс, аудан, қала, кент, ауыл)

Хаттама жасалған күн: _____ жылғы " _____ "

Хаттаманы жасаған адамның лауазымы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі:

Оған қатысты іс қозғалған тұлға туралы мәліметтер: _____

(жеке тұлғалар үшін – аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, туған күні, тұрғылықты
жері,

жеке басын куәландыратын құжаттың атауы мен деректемелері, сәйкестендіру
нөмірі,

жұмыс орны, телефонның, факстың, ұялы байланыстың абоненттік нөмірі және
(немесе) электрондық мекенжайы (егер бұлар болса); заңды тұлғалар
үшін – заңды тұлғаның атауы, орналасқан жері, мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу)
нөмірі және күні, сәйкестендіру нөмірі және банктік деректемелері, телефонның,

факстың, ұялы байланыстың абоненттік нөмірі және (немесе) электрондық
мекенжайы

(егер бар болса))

Әкімшілік құқық бұзушылықтың жасалған орны, уақыты мен мәні:

(анықталған Қазақстан Республикасы жер заңнамасының бұзушылықтары, олардың
сипаты туралы мәліметтер)

Жоғарыда көрсетілген бұзушылық Кодекстің _____ сәйкес
(аталған құқық бұзушылық үшін әкімшілік жауапкершілік

көздейтін бап (баптың тармағы))

әкімшілік жауапкершілікті көздейді.

Егер куәлар және жәбірленушілер болса, олардың аты, әкесінің аты (бар болса), тегі

тұрғылықты жері: _____

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолы)

Кодекстің 462, 654, 738, 744, 810, 811-баптарына сәйкес хаттаманы толтыру кезінде әкімшілік жауапкершілікке тартылушы адамға, іс жүргізу тілі, құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі түсіндірілді:

/ _____ / _____ / _____

(оған қатысты іс қозғалған адамның (жеке тұлғаның заңды өкілінің немесе заңды тұлға

өкілінің) аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолы, күні)

Хаттамаға ескертулер мен толықтырулар жоқ (бар): _____

/ _____ / _____ / _____

(оған қатысты іс қозғалған адамның (жеке тұлғаның заңды өкілінің немесе заңды тұлға

өкілінің) аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолы, күні)

Оған қатысты іс қозғалған адамның түсініктемесі: _____

/ _____ / _____ / _____

(оған қатысты іс қозғалған адамның (жеке тұлғаның заңды өкілінің немесе заңды тұлға

өкілінің) аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолы, күні)

Оған қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалған адамның әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жөніндегі хаттаманы қолхатпен қабылдаудан, оған қол қоюдан бас тартқаны, оның болмауы немесе келмеуі туралы жазба: _____

Хаттамаға қол қойғандар:
Хаттаманы толтырған адам

Оған қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан адам
(адамның өкілі)

Куәгерлер _____

Жәбірленушілер, болған жағдайда _____

Қолхат: Хаттаманың көшірмесін алдым

_____ жылғы " _____ " _____

(оған қатысты іс қозғалған жеке тұлғаның немесе заңды тұлғаның
(не оның өкілінің қолы)

_____ жылғы " _____ " _____

(жәбірленуші жеке тұлғаның немесе заңды тұлғаның (не оның өкілінің) қолы)

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2018 жылғы 26 қазандағы
№ 437 бұйрығына
3-қосымша
Нысан

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша № _____ қаулы

Мен _____

(осы қаулыны шығарған лауазымды адамның лауазымы, тегі, аты-жөні)

_____ жылғы " _____ " _____

/ _____

(істің қаралған күні мен орны)

"Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс), 710, 729, 821, 822-баптарына сәйкес _____

(оған қатысты іс қаралған тұлға туралы мәліметтер: жеке тұлғалар үшін – аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, туған жылы, айы, күні, тұрғылықты жері, жеке басын куәландыратын құжаттың атауы мен деректемелері, сәйкестендіру нөмірі, тұрғылықты жері бойынша тіркелгені туралы мәліметтер, жұмыс орны; заңды тұлғалар үшін – атауы, ұйымдық- құқықтық нысаны, орналасқан жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу нөмірі мен күні, сәйкестендіру нөмірі және банк деректемелері)

қатысты осы қаулыны жасадым.

Қаралып жатқан іс бойынша іс жүргізу тілі: _____

(мемлекеттік тіл, орыс тілі немесе басқа тілдер)

Әкімшілік құқық бұзушылық үшін жауапкершілік көзделетін Кодекстің бабы:

АНЫҚТАДЫМ:

Істі қарау кезінде анықталған мән-жайлар: _____

(2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің бұзылған нормаларының атауы)

ҚАУЛЫ ЕТтім:

1. Әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін _____

(оған қатысты іс қаралған тұлға туралы мәліметтер: жеке тұлғалар үшін – аты, әкесінің

аты (бар болса), тегі, туған жылы, айы, күні, тұрғылықты жері, жеке басын куәландыратын құжаттың атауы мен деректемелері, сәйкестендіру нөмірі, тұрғылықты

жері бойынша тіркелгені туралы мәліметтер, жұмыс орны; заңды тұлғалар үшін – атауы, ұйымдық- құқықтық нысаны, орналасқан жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік

тіркеу нөмірі мен күні, сәйкестендіру нөмірі және банк деректемелері, телефонның,

(заң бұзушының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолы, күні)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК